

"Инновациялық патенттің және өнертабысқа патенттің, пайдалы модель мен өнеркәсіптік үлгіге патенттің қолданылу мерзімін ұзарту жөніндегі қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің 2012 жылғы 24 ақпандағы № 88 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 361 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылды 13 тамызда № 11884 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2018 жылғы 25 тамыздағы № 1302 бұйрығымен.

Ескеरту. Күші жойылды – ҚР Әділет министрінің м.а. 25.08.2018 № 1302 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік саласын құқықтық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 7 сәуірдегі Заңына сәйкес келтіру мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Инновациялық патенттің және өнертабысқа патенттің, пайдалы модель мен өнеркәсіптік үлгіге патенттің қолданылу мерзімін ұзарту жөніндегі қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің 2012 жылғы 24 ақпандығы "№ 88 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7516 тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында, 2012 жылғы № 8 (тираждың шыққан уақыты 24.07.2012 ж.); жарияланған) келесі енгізілсін:

Бұйрықтың 1-тармағының 1) тармақшасы келесі редакцияда мазмұндалсын:

"1) Осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес Өнертабысқа патенттің қолданылу мерзімін ұзарту жөніндегі қағидалар;";

Осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес Өнертабысқа патенттің қолданылу мерзімін ұзарту жөніндегі қағидалар жаңа редакцияда мазмұндалсын;

Осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес Пайдалы модельге патенттің қолданылу мерзімін ұзарту жөніндегі қағидалар жаңа редакцияда мазмұндалсын;

Осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес Өнеркәсіптік үлгіге патенттің қолданылу мерзімін ұзарту жөніндегі қағидалар жаңа редакцияда мазмұндалсын;

Бұйрықтың 3-тармағына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

"3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы департаменті:

- 1) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуді;
- 2) мерзімді басылымдарда және "Әділет" ақпараттық құқықтық жүйеде ресми жариялауды қамтамасыз етсін."

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Әділет министрі

Б. Имашев

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2015 жылғы 30 маусымдағы
№ 361 бұйрығына
1-қосымша

Өнертабысқа патенттің қолданылу мерзімін ұзарту жөніндегі қағидалар

1. Осы Өнертабысқа патенттің қолданылу мерзімін ұзарту жөніндегі қағидалар (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының Патент Заңы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Патент заңы) 5-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және патентке қосымшаны дайындауды, қолданылу мерзімін ұзартуды талап ететін өнертабысқа қатысты салыстырмалы талдауды жасап, осы патенттің құқығын қуәләндіратын, патенттің жарамдылық мерзімін ұзарту жөніндегі өтінішті қарастыратын сараптама үйімі мен патент иеленуші арасындағы іс-қимыл тәртібін анықтайды.

2. Қағидаларда мынадай үғымдар қолданылады:

1) бюллетень - өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғау мәселелері жөніндегі ресми мерзімдік басылым;

2) дәрі-дәрмектер – адам ағзасымен қатаинаста болатын немесе оның органдары мен талшықтарына енетін, аурулардың, сондай-ақ ағзаның жағдайы мен функцияларының өзгеруінің алдын алуға, диагностикалауға және емдеуге арналған фармакологиялық белсенді заттарды қамтитын немесе сол тәрізді құралдар. Дәрі-дәрмектерге фармацевтикалық субстанциялар мен дәрілік препараттар жатады;

3) құзырлы орган:

дәрі-дәрмектерге қатысты – азаматтардың денсаулығын сақтау, медициналық және фармацевтикалық ғылым, медициналық және фармацевтикалық білім беру, дәрі-дәрмектер айналымы, медициналық қолданыстағы бұйымдар және

медициналық техника, медициналық қызмет сапасын бақылау саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

пестицидтерге (улы химикаттарға) қатысты – өсімдіктерді қорғау саласында басшылықты, сондай-ақ өз өкілеттігі аясында салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

4) пестицидтер (улы химикаттар) – зиянды және ерекше қауіпті зиянды организмдерге қарсы, сондай-ақ жинау алдында кептіру, жапырақтарды жою және өсімдіктердің өсуін реттеу үшін пайдаланылатын химиялық, биологиялық және басқа да заттар.

5) рұқсат – құзырлы орган берген дәрі-дәрмекті, пестицидті (улы химикаттарды) мемлекеттік тіркеу туралы куәлік;

құзырлы орган:

6) сараптама жасау ұйымы – мемлекеттік монополияға жататын салада қызметін атқаратын, уәкілетті органға бағынысты ұйым (өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілерді қорғау саласында қызмет көрсету);

7) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Әдіlet министрлігі;

3. Өнертабысқа патент сараптама жасау ұйымына өтінім берілген күннен бастап жиырма жыл ішінде қолданыста болады.

4. Қолдану үшін занда белгіленген тәртіппен дәрі-дәрмекке, пестицидке (улы химикатқа) жататын өнертабысқа қатысты патенттің қолданылу мерзімі патент иеленушінің өтінішхаты бойынша ұзартылуы мүмкін, бірақ ол мерзім бес жылдан аспайды.

Мерзім өнертабысқа патент беруге өтінім берген күннен бастап өнертабысты қолдануға алғашқы рұқсатты алған күнге дейін өткен уақытқа, бес жылды алып тастай отырып, ұзартылады.

Егер өнертабыс формуласында ол жалпы құрылымдық формуламен сипатталатын композиция, қосылым немесе қосылымдар тобы түрінде сипатталатын болса, және өнертабыс сипаттамасынан оны дәрі-дәрмектің, пестицидтің белсенді ингредиенті ретінде пайдалану мүмкіндігі айқын болса, ол дәрі-дәрмекке, пестицидке (улы химикатқа) жатады.

5. Патент иеленушінің өнертабысқа патенттің қолданылу мерзімін ұзарту туралы өтінішхаты (одан әрі - өтінішхат) патенттің қолданылу кезеңінде өнертабысты қолдануға рұқсат алған күннен немесе патентті берген күннен бастап, осы мерзімдердің қайсысы кешірек өтетініне байланысты, алты ай өтпестен бұрын беріледі.

Егер бірінші рұқсат 2015 жылғы 7 сәуіріндегі "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік саласын құқықтық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының күшіне енуіне дейін берілген жағдайда өтінішхат патент

қолданылатын мерзім ішінде, бірақ оның қолданылу мерзімі өткенге дейін екі айдан кешіктірілмей беріледі.

6. Өнертабысқа патенттің қолданылу мерзімін ұзарту бойынша істерді жүргізу үшін патент иеленуші Қазақстан Республикасының патенттік сенім білдірілген өкіліне (бұдан әрі – патенттік сенім білдірілген өкіл) немесе тиісті сенімхат бере отырып, өзге де өкілге уәкілеттік бере алады.

7. Өтініш мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде ұсынылады. Басқа тілде берілген өтінішке өтініш берілген кезден бастап бір ай ішінде оның мемлекеттік және орыс тілдеріндегі аудармасы қоса беріледі. Өтініштің аудармасы берілмеген жағдайда өтініш берілмеген болып есептеледі.

8. Өтінішке патент иеленуші (егер патент иеленуші адамдар тобы болып табылса, өтінішке аталған топқа кіретін адамдар қол қояды) немесе патенттік сенім білдірілген өкіл не сенімхат негізінде әрекет ететін өзге де өкіл қол қояды.

9. Өтінішке:

1) қолдануға құзырлы органның алғашқы рұқсаты алынған, өнертабыс формуласындағы тәуелсіз тармақта сипатталған өнертабысты аталған дәрі-дәрмекке, пестицидке (улы химикатқа) жатқызуға мүмкіндік беретін дәрі-дәрмек, пестицид (улы химикат) туралы мәліметтерді қамтитын ресми құжаттардың көшірмелері;

2) ерекше құқықтарының қолдану мерзімін ұзарту сұратылып отырған өнертабысты (өнертабыс формуласындағы тиісті тәуелсіз тармағын) және осы құқықты куәландыратын патентті көрсету, аталған рұқсат осы өнертабысқа қатысты екенін көрсету және осы дәрі-дәрмек, пестицид (улы химикат) өнертабыс формуласындағы тиісті тәуелсіз тармағында сипатталатыны айқын болатын түсіндірuler;

3) өнертабысқа патенттің қолдану мерзімін ұзарту үшін ақы төленгенін растайтын құжат;

4) сенімхат (егер өтінішті өкіл беретін болса) немесе сенімхаттың көшірмесі (егер өтінішті патенттік сенім білдірілген өкіл беретін болса) қоса берілеті.

10. Өтініш пен оған қоса берілетін құжаттар сараптама жасау үйіміна тікелей ұсынылады немесе пошта арқылы жолданады;

Құжаттар көшірмелері факс арқылы жіберілген жағдайда құжаттар түпнұсқалары сараптама жасау үйіміна бір ай ішінде ұсынылады.

11. Өтініш және оған қоса берілген құжаттар сараптама жасау үйіміна түскен күннен бастап бір ай мерзімінде қаралады.

Факс арқылы берілген өтінішті және оған қоса берілген құжаттарды қарау мерзімі олардың түпнұсқалары түскен күннен бастап есептеледі;

Басқа тілде түлде жіберілген өтінішті қарау мерзімі қазақ және/немесе орыс тілдеріне аудармасы түскен күннен бастап есептеледі;

12. Өтінішті қаралып отырған патент берілген өнертабыс формуласындағы тәуелсіз тармақта сипатталған өнертабысты қолдануға рұқсат алынған дәрі-дәрмекке, пестицидке (улы химикатқа) жатқызу мүмкіндігін тексеруді қамтиды.

13. Қоспа (жалпы құрылымдық формулада сипатталатын қоспалар тобы) түрінде сипатталған өнертабысты қолдануға рұқсат алынған дәрі-дәрмекке, пестицидке (улы химикатқа) жатқызу мүмкіндігін тексеру өнертабыс формуласындағы тәуелсіз тармақта сипатталған қоспаны рұқсатта көрсетілген дәрі-дәрмектің, пестицидтің (улы химикаттың) белсенді ингредиентімен салыстырудан тұрады. Бұл ретте өнертабыстың сипаттамасында қосылым оны аталған дәрі-дәрмекте, пестицидте (улы химикатта) пайдалануға мүмкіндік беретін белсенділікке ие болатыны туралы ақпараттың бар-жоғы тексеріледі. Егер қоспа осындағы дәрі-дәрмектің, пестицидтің (улы химикаттың) белсенді ингредиенті болып табылса және өнертабыстың сипаттамасы жоғарыда көрсетілген ақпаратты қамтитын болса қаралып отырған өнертабыс рұқсатта көрсетілген дәрі-дәрмекке, пестицидке (улы химикатқа) жатады.

14. Композиция түрінде сипатталған өнертабысты қолдануға рұқсат алынған дәрі-дәрмекке, пестицидке (улы химикатқа) жатқызу мүмкіндігін тексеру патенттеген композицияның сипаттамасын және рұқсатта көрсетілген дәрі-дәрмектің, пестицидтің (улы химикаттың) композициясының сипаттамасын (арналуы, құрамы, егер өнертабыс формуласында келтірілсе немесе композиция құрамынан айқындалса, оның нысаны) салыстырудан тұрады.

Егер өнертабыс формуласындағы тәуелсіз тармақ рұқсатта көрсетілген дәрі-дәрмектің, пестицидтің (улы химикаттың) сипаттамасын қамтитын болса, қаралып отырған өнертабыс дәрі-дәрмекке, пестицидке (улы химикатқа) жатады.

15. Дәрі-дәрмектің, пестицидтің қоспасын, сондай-ақ құрамына осы қоспа кіретін композициясын қамтитын өнертабыстар тобына берілген өнертабысқа патенттің қолданыс мерзімін ұзарту осы Қағидалардың 12-тармағына сәйкес жүзеге асырылады және топтың әрбір өнертабысына қатысты осы Қағидалардың 13 және 14–тармақтарына тиісінше сәйкес жүргізіледі.

16. Осы Қағидалардың 7-9-тармақтарында көрсетілген өтінішті беру шарттары сақталған жағдайда, патенттің қолданылуы осы Қағидалардың 4-тармағына сәйкес есептелетін мерзімге ұзартылады.

Патент иеленушіге өнертабысқа патенттің қолданылу мерзімін ұзарту туралы ресми жариялануымен бір мезгілде Патентке қосымша беріледі.

Өнертабысқа патенттің қолданылу мерзімін ұзарту туралы мәліметтер Қазақстан Республикасы өнертабыстарының мемлекеттік тізіліміне енгізіледі және ресми бюллетеньде жарияланады.

17. Осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген қажетті құжаттар болмаған немесе дұрыс ресімделмеген жағдайда, сондай-ақ осы Қағидалардың 12-15-тармақтарына сәйкес жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша патент иеленушіден қосымша құжаттар мен түсініктер алу қажеттігі туындаған жағдайда, өтініш берген тұлғаға сұрату жіберген күннен бастап үш ай мерзімде жоқ және/немесе түзетілген құжаттарды жіберу ұсынысымен сұрату жіберіледі.

Осы Қағидалардың 10-тармағында көрсетілген өтінішті қарау мерзімі жетіспейтін және/немесе түзетілген құжаттардың соңғысы келіп түскен күннен бастап есептеледі.

18. Жетіспейтін және/немесе түзетілген құжаттар осы Қағидалардың 7, 10, 17-тармақтарына ұсынылмаған жағдайда өнертабысқа патенттің қолдану мерзімі ұзартылмайды, бұл жөнінде өтініш берген тұлға бір ай мерзімінде хабарландырылады.

19. Патент заңының 11-бабының 15-тармағына сәйкес өнертабысқа патенттің күшін сақтау үшін жыл сайынғы баж төленбесе, патенттің қолданылу мерзімін ұзарту күшін жояды және Патентке қосымшаның күші тоқтатылады.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2015 жылғы 30 маусымдағы
№ 361 бұйрығына
2-қосымша

Пайдалы модельге патенттің қолданылу мерзімін ұзарту жөніндегі қағидалар

1. Осы Пайдалы модельге патенттің қолданылу мерзімін ұзарту жөніндегі қағидалар (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының Патент Заңы" 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Патент заңы) 5-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Қағидаларда мынадай ұғымдар қолданылады:

1) бюллетень - өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғау мәселелері жөніндегі ресми мерзімдік басылым;

2) сараптама жасау ұйымы – мемлекеттік монополияға жататын салада қызметін атқаратын, уәкілетті органға бағынысты ұйым (өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілерді қорғау саласында қызмет көрсету);

3) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі.

3. Пайдалы модельге патент Патент заңының 5-бабының 3-тармағына сәйкес сараптама жасау ұйымына өтінім берілген күннен бастап бес жыл ішінде қолданыста болады.

4. Пайдалы модельге патенттің қолданылу мерзімі патент иеленушінің өтініші бойынша үш жылдан аспайтын мерзімге ұзартылады.

5. Пайдалы модельге патенттің қолданылу мерзімін ұзарту туралы өтініш (бұдан әрі – өтініш) сараптама жасау үйымына патенттің қолданылуының бесінші жылы ішінде ол қүшін сақтаған жағдайында беріледі.

6. Пайдалы модельге патенттің қолданылу мерзімін ұзарту жөнінде өтініш беру және ол бойынша істерді жүргізу үшін патент иеленуші Қазақстан Республикасының патенттік сенім білдірілген өкіліне (бұдан әрі – патенттік сенім білдірілген өкіл) немесе Патент заңында көзделген жағдайларда тиісті сенімхат бере отырып, өзге де өкілге уәкілеттік бере алады.

7. Өтініш мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде ұсынылады. Басқа тілде берілген өтінішке өтініш берілген кезден бастап бір ай ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасы қоса беріледі. Өтініштің аудармасы берілмеген жағдайда өтініш берілмеген болып есептеледі.

8. Өтінішке патент иеленуші (егер патент иеленуші адамдар тобы болып табылса, өтінішке аталған топқа кіретін адамдар қол қояды) немесе патенттік сенім білдірілген өкіл не сенімхат негізінде әрекет ететін өзге де өкіл қол қояды.

9. Өтінішке:

1) пайдалы модельге патенттің қолдану мерзімін ұзарту үшін ақы төленгенін және ұзарту туралы мәліметтерді жариялауды растайтын құжат;

2) сенімхат (егер өтінішті өкіл беретін болса) немесе сенімхаттың көшірмесі (егер өтінішті патенттік сенім білдірілген өкіл беретін болса) қоса беріледі.

10. Өтініш пен оған қоса берілетін құжаттар сараптама үйымына тікелей ұсынылады немесе пошта арқылы жолданады;

Құжаттар көшірмелері факс арқылы жіберілген жағдайда құжаттар түпнұсқалары сараптама жасау үйымына бір ай ішінде ұсынылады.

11. Өтініш және оған қоса берілген құжаттар сараптама жасау үйымына түскен күннен бастап бір ай ішінде қаралады.

Факс арқылы берілген өтінішті және оған қоса берілген құжаттарды қарau мерзімі олардың түпнұсқалары түскен күннен бастап есептеледі;

Басқа тілде тұлде жіберілген өтінішті қарau мерзімі қазақ және/немесе орыс тілдеріне аудармасы түскен күннен бастап есептеледі;

12. Осы Қағидалардың 7-9-тармақтарында көрсетілген өтінішті беру шарттары сақталған жағдайда патенттің қолданылуы осы Қағидалардың 4-тармағына сәйкес есептелетін мерзімге ұзартылады.

Патент иеленушіге пайдалы модельге патенттің қолданылу мерзімін ұзарту туралы ресми жариялануымен бір мезгілде Патентке қосымша беріледі.

Патенттің қолданылу мерзімін ұзарту туралы мәліметтер Қазақстан Республикасы пайдалы модельдерінің мемлекеттік тізіліміне енгізіледі және ресми бюллетенде жарияланады.

13. Осы Қағидалардың 7-9-тармақтарында көрсетілген қажетті құжаттар болмаған немесе дұрыс ресімделмеген жағдайда не өтініште көрсетілген библиографиялық деректер Мемлекеттік тізілімнің деректеріне сәйкес келмегендеге, патент иеленушіге сараптама жасау ұйымына жетіспейтін және/немесе түзетілген құжаттарды ұсыну немесе хабарлама жіберілген күннен бастап үш ай ішінде тиісті өзгерістерді енгізу жөнінде хабарлама жіберіледі.

Осы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген өтінішті қарау мерзімі жетіспейтін және/немесе түзетілген құжаттар келіп түскен күннен бастап есептеледі.

14. Құжаттар осы Қағидалардың 7-9-тармақтарында көрсетілген мерзімдерде ұсынылмаған жағдайда, пайдалы модельге патенттің қолданылу мерзімі ұзартылмайды, бұл жөнінде өтініш берген тұлға бір ай ішінде хабарландырылады.

15. Егер пайдалы модельге патенттің қолданылу мерзімін ұзарту жөнінде өтініш берген патент иеленуші тегін, атын, әкесінің атын не библиографиялық деректерді өзгертсе, онда ол хабарлама жіберілген күннен бастап үш ай ішінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы өтініш береді. Осы орайда, өтінішті қарау мерзімі тиісті өзгерістер енгізілгенге дейін тоқтатыла тұрады.

16. Патент заңының 11-бабының 15-тармағына сәйкес пайдалы модельге патенттің күшін сақтау үшін жыл сайынғы баж төленбесе, патенттің қолданылу мерзімін ұзарту күшін жояды және Патентке қосымшаның күші тоқтатылады.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2015 жылғы 30 маусымдағы
№ 361 бұйрығына
3-қосымша

Өнеркәсіптік ұлгіге патенттің қолданылу мерзімін ұзарту жөніндегі қағидалар

1. Осы Өнеркәсіптік ұлгіге патенттің қолданылу мерзімін ұзарту жөніндегі қағидалар (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының Патент Заңы" 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Патент заңы) 5-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Қағидаларда мынадай ұғымдар қолданылады:
 - 1) бюллетень - өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғау мәселелері жөніндегі ресми мерзімдік басылым;

2) сараптама жасау үйымы – мемлекеттік монополияға жататын салада қызметін атқаратын, уәкілетті органға бағынысты үйым (өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілерді қорғау саласында қызмет көрсету);

3) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі.

3. Өнеркәсіптік үлгіге патент Патент заңының 5-бабының 3-тармағына сәйкес сараптама жасау үйымына өтінім берілген күннен бастап он бес жыл ішінде қолданыста болады.

4. Өнеркәсіптік үлгіге патенттің қолданылу мерзімі патент иеленушінің өтініші (бұдан әрі – өтініш) бойынша бес жылдан аспайтын мерзімге ұзартылады .

5. Өтініш сараптама жасау үйымына патент қолданылуының он бесінші жылы ішінде ол күшін сақтаған жағдайында беріледі.

6. Өнеркәсіптік үлгіге патенттің қолданылу мерзімін ұзарту бойынша істерді жүргізу үшін патент иеленуші Қазақстан Республикасының патенттік сенім білдірілген өкіліне (бұдан әрі – патенттік сенім білдірілген өкіл) немесе сенімхат бере отырып, өзге де өкілге уәкілеттік бере алады.

7. Өтініш қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады. Басқа тілде берілген өтінішке өтініш берілген кезден бастап бір ай ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасы қоса беріледі. Өтініштің аудармасы берілмеген жағдайда өтініш берілмеген болып есептеледі.

8. Өтінішке патент иеленуші (егер патент иеленуші адамдар тобы болып табылса, өтінішке аталған топқа кіретін адамдар қол қояды) немесе патенттік сенім білдірілген өкіл не сенімхат негізінде әрекет ететін өзге де өкіл қол қояды.

9. Өтінішке

1) өнеркәсіптік үлгіге патенттің қолдану мерзімін ұзарту үшін ақы төленгенін және ұзарту туралы мәліметтерді жариялауды растайтын құжат;

2) сенімхат (егер өтінішті өкіл беретін болса) немесе сенімхаттың көшірмесі (егер өтінішті патенттік сенім білдірілген өкіл беретін болса) қоса беріледі.

10. Өтініш пен оған қоса берілетін құжаттар сараптама үйымына тікелей ұсынылады немесе пошта арқылы жолданады;

Құжаттар көшірмелері факс арқылы жіберілген жағдайда құжаттар түпнұсқалары сараптама жасау үйымына бір ай ішінде ұсынылады.

11. Өтініш және оған қоса берілетін құжаттар сараптама жасау үйымына түскен күннен бастап бір ай ішінде қаралады.

Факс арқылы берілген өтінішті және оған қоса берілген құжаттарды қарау мерзімі олардың түпнұсқалары түскен күннен бастап есептеледі;

Басқа тілде түлде жіберілген өтінішті қарау мерзімі қазақ және/немесе орыс тілдеріне аудармасы түскен күннен бастап есептеледі;

12. Осы Қағидалардың 7-9-тармақтарындағы көрсетілген өтінішті беру шарттары сақталған жағдайда, патенттің қолданылуы осы Қағидалардың 4-тармағына сәйкес мерзімге ұзартылады.

Патент иеленушіге өнеркәсіптік үлгіге патенттің қолданылу мерзімін ұзарту туралы ресми жариялануымен бір мезгілде Патентке қосымша беріледі.

Патенттің қолданылу мерзімін ұзарту туралы мәліметтер Қазақстан Республикасы өнеркәсіптік үлгілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізіледі және бюллетеньде жарияланады.

13. Осы Қағидалардың 7-9 тармақтарында көзделген қажетті құжаттар болмаған немесе дұрыс ресімделмеген жағдайда не өтініште көрсетілген библиографиялық деректер Мемлекеттік тізілімнің деректеріне сәйкес келмегендеге, патент иеленушіге сараптама жасау ұйымына жетіспейтін және/немесе түзетілген құжаттарды ұсыну немесе хабарлама жіберілген күннен бастап үш ай ішінде тиісті өзгерістерді енгізу жөнінде хабарлама жіберіледі.

Өтінішті қарау мерзімі жетіспейтін және/немесе түзетілген құжаттар келіп түскен күннен бастап есептеледі.

14. Құжаттар осы Қағидалардың 7-9-тармақтарында көрсетілген мерзімдерде ұсынылмаған жағдайда, өнеркәсіптік үлгіге патенттің қолданылу мерзімі ұзартылмайды, бұл жөнінде өтініш берген тұлға бір ай ішінде хабарландырылады.

15. Егер өнеркәсіптік үлгіге патенттің қолданылу мерзімін ұзарту жөнінде өтініш берген патент иеленуші тегін, атын, әкесінің атын не библиографиялық деректерді өзгертсе, онда ол хабарлама жіберілген күннен бастап үш ай ішінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы өтініш береді. Осы орайда, өтінішті қарау мерзімі тиісті өзгерістер енгізілгенге дейін тоқтатыла тұрады.

16. Патент заңының 11-бабының 15-тармағына сәйкес өнеркәсіптік үлгіге патенттің күшін сақтау үшін жыл сайынғы баж төленбесе, патенттің қолданылу мерзімін ұзарту күшін жояды және Патентке қосымшаның күші тоқтатылады.